

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау Министрлігі
Ақтөбе облысының мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау департаменті

Нысанның БҚСЖ бойынша коды
КҰЖЖ бойынша ұйым коды
Медициналық документация
Форма № 303/е нысанды
Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау Министрінің 2005 жылғы «08»
шілдедегі №332 мен бекітілген
№ 303/е нысанды
медициналық құжаттама

Санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарым

№ 26

«27» мамыр 2011 жыл

1. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында орналасқан «Алақай» бала-бақшасы МКҚК-на
Жүргізілді: «Алақай» бала-бақшасы МКҚК-ң меңгерушісі Б. Тойбазарова № 47
16.05.2011 ж. өтініші бойынша.
2. Тапсырыс (өтініш) беруші «Алақай» бала-бақшасы МКҚК-ң меңгерушісі Б.
Тойбазарова.
3. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолдану аумағы:
Аманкөл селосы.
4. Жобалар, материалдар дайындалды - жоқ
5. Ұсынылған құжаттар:
1. «Алақай» бала-бақшасы МКҚК-ң меңгерушісі Б. Тойбазарова № 47 16.05.
2011 ж. өтініші. 2. Санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі
27.05.2011 ж.
6. Өнімнің үлгілері ұсынылады қажеті жоқ _____
7. Басқа ұйымдардың сараптау ұйғарымы – жоқ.

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитарлық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға: Бала-бақша Аманкөл селолық округі Аманкөл ауылында бір қабатты бейімделген ғимаратта орналасқан. Бала-бақша айналасы толық қоршалған, көгалдандырылған. Бала-бақша 25 балаға есептелген, 1 топтан 25 баладан тұрады. Ауыз су орталықтандырылған су құбырынан, асханада кран арқылы. Жарық көзі табиғи және жасанды, жеткілікті. Желдету жүйесі табиғи, терезе көзшелері арқылы. Кәріздеу жоқ. Бір балаға арналған аудан нормасы 2,5 шаршы метрден есептелген. Қоқыс қалдықтарын жинауға ғимараттан 25 метр қашықтықта арнайы іші бетондалған шұңқыр қазылып белгіленген. Аулада дәретхана бала-бақшадан 25 метр қашықтықта орналасқан. Ойын және спорт алаңы қарастырылған. Бала-бақша еденіне дезинфекциялауға төзімді, беті тегіс жылу ұстайтын линолеум төселген, ғимарат қабырғалары тегіс әктелген, топтық үй-жайлардың қабырғалары жууға және зарарсыздандыруға төзімді бояумен сырланған. Жылу жүйесі жергілікті мектептің қазандығынан, қатты отынмен жағылады. Балалардың күюі мен зақымдануын болдырмау мақсатында жылыту элементтері алынып-салынатын ағаш торлармен қоршалған. Жарық жүйесі табиғи және жасанды, жарықтандырушы жәй шамдар арқылы, жеткілікті. Желдету жүйесі табиғи, терезе көзшелері арқылы бөлмелерде ауа алмастырылып отырады. Бала-бақша әр 10 балаға бір қолжуғыштан, барлық үй-жайларға қолжуғыштар жеткілікті қамтылған. Дәретхана түбектермен жеткілікті қамтылған, белгілері салынған. Нәжісті жинауға арналған қақпағы бар, түбектерге арналған дезинфекциялық ерітіндісі

бар жән е шаюға арналған екі сыйымдылықтар қарастырылып, сырттарына белгілері салынған. Медициналық үй-жайына екі бөлек бөлме қарастырылған (мейірбикенің отыратын бөлмесі, изолятор). Медициналық үй-жай медициналық жабдықтармен толық жабдықталған.

Қатты және жұмсақ жиһаздармен жеткілікті қамтылған, әрбір төсек үшін екі төсек әбзелдерімен арналып, қамтылған, белгілері салынған. Бала-бақша бойынша жатын бөлмелер жайы керуеттермен жабдықталған, керуеттердің ұзындығы мен ені бала саны мен жас ерекшеліктеріне сай, белгілері салынған. Ойнайтын жерінде әр баланың жас ерекшеліктеріне сай орындықпен, түрлі ойыншықтармен жабдықталып, орналастырылған. Шешінетін бөлмелері балалардың шешініп-киіну үшін шкафтармен жеткілікті қамтылып, белгілері салынған.

Асхана бөлек бір бөлмеде орналасқан, ыдыс жуу, дайындау және өңдеу бөлмесі мақсатына қарай аймақтарға белгіленген. Асхана кірер есігі бөлек. Асхана 1 электр плита, 1 мұздатқыш, 1 тоңазытқыш, асхана жиһазымен жабдықталған, тоңазытқыш камералары температураны бақылау үшін термометрмен қамтылған. Асхана қабырғасы 1,8 метрге дейін боялған, едені кафелденген. Тоңазытқыш, мұздатқыш қондырғылары термометрмен қамтылған. Шикізаттар қоймада қабырғадан 20 сантиметр, еденнен 15 сантиметр қашықтықта сөрелердегі қаптарда, ыдыстарда сақталған.

Шұғыл медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасы дәрі-дәрмектер жиынымен толықтырылған, дәрілердің сақтау мерзімі өтпеген. Бала-бақшаның санитарлық жағдайы қанағаттанарлық.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы: қажет етпейді.

10. Зертханалық және зертханалық – аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері: қажет етпейді.

Санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарым

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында орналасқан «Алақай» бала-бақшасы МКҚК-ы ҚР ДСМ 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 13 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесіне сәйкес келеді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің негізінде осы санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрдегі күші бар.

Ырғыз ауданының бас
мемлекеттік
санитарлық дәрігері:



М.Есімбаев

№ 11 санитариялық паспорт

Санитарный паспорт № 11

1. Мекен-жайы, телефон (Адрес, телефон) Ырғыз ауданы, Аманкөл селосы
2. Меншік нысаны (Форма собственности) МКҚК бала-бақша «Алақай»
3. Объектінің атауы, қолданылу бағыты (Наименование, назначение объекта) МКҚК бала-бақша «Алақай», бала тәрбиелеу
4. Кімге берілді (Кому выдан) МКҚК бала-бақша «Алақай»
дара кәсіпкерлердің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғалардың атауы
(должность, фамилия, имя, отчество индивидуального предпринимателя или юридического лица)
5. Дара кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың СТН (БСН, ЖСН- бар болған жағдайда) (РНН(БИН, ИИН- при наличии) индивидуального предпринимателя или юридического лица) 060700211388
6. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының бар болуы, нөмірі, берілген күні
(Наличие санитарно-эпидемиологического заключения, номер и дата выдачи) сан-эпид заключение №26 от 27.05.2011 г.
7. Санитариялық паспорт мына негізде берілді (Санитарный паспорт выдан на основании)
акт сан.-эпид. обследование от 27.05.2011г. жылулыққа протокол №11 27.05.11ж. жарық көзіне протокол №11 27.05.11ж. қабылдау, тексеру актілерін, зертханалық зерттеулер нәтижелерін және басқа да құжаттар көрсету арқылы (с указанием актов проверки, обследований, результатов лабораторных исследований и других документов)
8. Санитариялық паспорт берілген күн 2011 жылғы «27» мамыр (Дата выдачи санитарного паспорта «27» мая 2011 года)
9. Санитариялық паспорт 2013 жылдың «27» мамырға дейін жарамды.
(Санитарный паспорт действителен до «27» мая 2013 года)

МСЭҚКАОБ Департаментінің Ырғыз ауданы бойынша басқармасының бастығы:

Есімбаев.М.А

